



Қ. БОЗЫМОВ,
Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың құрметті ректоры, ректор кеңесшісі, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық инженерлік академияның, ҚР Ұлттық инженерлік академиясының, ҚР Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі

ету, педагогтердің жалақысын арттыру, олардың әлеуметтік қорғалуын күшейту бойынша тапсырмалар берді.

Ел Президентінің тапсырмасын орындау мақсатында Білім және ғылым министрлігі жоғары оқу орнының әрбір қызметкері үшін оқытушылардың педагогикалық жүктемесін азайту және олардың жалақысын көтеру, оның ішінде 2020 жылдың қыркүйегінен бастап мемлекеттік білім беру тапсырысының құнын үш есе, 1 миллион теңгеге дейін өсіру сияқты маңызды мәселелер бойынша нақты шаралар қабылдады.

2021 жылғы 25 наурызда Білім және ғылым министрі А. Аймағамбетов "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы профессор-оқытушылар құрамының ұсынылатын педагогикалық жүктемесі мен ең төменгі жалақысын айқын-

стандарттар негізінде әзірленетін және білім беру бағдарламаларының тізілімінде орналастырылатын болады деп көзделген. Колледждер, жоғары колледждер жұмыс берушілермен бірлесіп, өздерінің білім беру бағдарламаларының мазмұнын, пәндерді оқуға арналған оқу уақытының көлемін дербес анықтай алады. Осылайша өз өңірінің еңбек нарығының талаптарын жедел есепке алуды, жұмысшы кадрларды, орта буын мамандарын, қолданбалы бакалаврларды даярлауда икемділікті қамтамасыз етеді. Бүгінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары өздерінің білім беру бағдарламаларын тигіткі оқу жоспарлары мен бағдарламаларының негізінде әзірлейді. Бұл жұмыс берушілердің жұмысшы кадрларға деген сұранысын жылдам есепке алуды қиындатады.

Академиялық дербестік беру шеңберінде колледждер енді сту-

гейінің оқыту нәтижелері аутоматты түрде есепке алынатынын, соған байланысты оқу мерзімі қысқартылатын норма қарастырылғанын білеміз. Жыл сайын колледждердің көптеген түлектері осы мүмкіндікті пайдаланады және жоғары оқу орындарында қысқартылған оқу мерзімімен білім беру бағдарламалары бойынша оқуын жалғастырады. 2019 жылдан бастап жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсетін колледж түлектері үшін кешенді тестілеуді тапсырмай, жоғары оқу орындарына түсу көзделген. Осы шаралардың барлығы колледж студенттерін жоғары оқу орындарында жоғары білім алуға ынталандырады.

Үздіксіз интеграцияланған білім беру, оның әр түрлі деңгейлерінің сабақтастығы, ең алдымен, жоғары оқу орындары мен колледждердің қысқартылған оқу мерзімімен деңгейаралық интеграцияланған білім беру бағдарламаларын бір-

Мақсат – мамандарды

Соңғы жылдары Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінде, ең алдымен, жоғары оқу орындарының академиялық, басқарушылық, қаржылық дербестігінің өсуіне байланысты оң өзгерістер болып жатыр. Жоғары оқу орындарының академиялық және басқарушылық дербестігін кеңейту туралы 2018 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңы отандық жоғары оқу орындарына өздерінің дамуы мен ұсынатын білім беру қызметтерінің сапасын арттыру үшін үлкен мүмкіндіктер берді.

Бірінші кезекте жоғары оқу орындарында білім беру бағдарламаларын дербес әзірлеуге, олардың мазмұнын анықтауға және ҚР БҒМ Білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізуге мүмкіндік пайда болды. Бұрын жаңа мамандықтарды ашуға шамамен 1,5-2 жыл қажет болғанын еске алсақ, ал қазіргі жасалып отырған мұндай мүмкіндік жоғары оқу орындарының көрсетілетін қызметтің өзектілігін есепке алып, өз білім беру бағдарламаларын жедел әзірлеуіне және ендіруіне ықпал етеді. Бұл еңбек нарығының сұраныстарына және жұмыс берушілердің талаптарына тез ден қоюға мүмкіндік береді.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті (БҚАТУ), Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті (БҚИТУ) барлық отандық жоғары оқу орындары сияқты қолданыстағы білім беру бағдарламаларын өзектендіру және жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеу процесіне белсенді түрде қосылды. Мысалы, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінде жұмыс берушілердің өтініші бойынша және олардың белсенді қатысуымен жоғары оқу орындарының академиялық дербестігі шеңберінде 2019 жылғы 6804203 – көлік тасымалын, қозғалысын және пайдаланылуын

құқықтық реттеу, 6804107 – отын-энергетика кешеніндегі экономика және менеджмент сияқты пәнаралық білім беру бағдарламалары әзірленді. Жаңа білім беру бағдарламалары ҚР БҒМ Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығында сыртқы сараптамадан сәтті өтіп, білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілді. 2020-2021 оқу жылынан бастап университет бұл бағдарламалар бойынша білім беру қызметін жүргізе бастады.

Академиялық және басқарушылық дербестіктің кеңейтілуі жұмысқа қабылдау, білім алушылар контингентін жасақтау, ЖОО-ның академиялық саясатын айқындау және т.б. мәселелерді ЖОО-ларға өз бетінше шешуге мүмкіндік берді.

Біз ҚР Білім және ғылым министрлігі еліміздің жоғары оқу орындарының академиялық және басқарушылық дербестігін кеңейту бойынша жоспарлы және қағидатты түрде жүргізіліп отырған жұмыстың ЖОО-ларының ұсынылатын білім сапасына деген жауапкершілігін арттыру мақсатында жасалып жатқандығын көріп отырмыз.

2020 жылдан бастап ЖОО оқытушыларының қағаз жүзіндегі есеп беру жұмыстарының саны едәуір қысқартылды және құжаттардың басым бөлігін болашақта жоғары оқу орындарына барлық қызметтер мен құжат айналымын электрондық форматқа көшіру ұсынылды. Бұл шаралар мұғалімдерге өз білімдерін көтеруге және кәсіби дамуларына көбірек уақыт бөлуге мүмкіндік береді.

Өткен жылдан бастап ЖОО-лардың бакалавриатта практикалық жұмыс өтілі бар өндірісшілерді оқытуға тарту мүмкіндіктері кеңейтілді.

Білім беру саласын дамытудың жүйелі мәселелерін Мемлекет басшысы мен ел Үкіметі тұрақты түрде назарында ұстап отыр. Олар білім беру сапасын қамтамасыз

дау туралы" бұйрыққа қол қойды. Бұйрыққа сәйкес ҚР БҒМ ведомстволық бағынысты ЖОО-ның штаттық оқытушылары үшін 2021 жылғы 1 қыркүйектен бастап педагогикалық жүктеменің бір мөлшерлемесінің ең жоғары көлемі оқу жылы үшін 680 сағаттан аспайды. Сонымен қатар ЖОО оқытушыларының атқаратын лауазымына байланысты ең төменгі жалақы деңгейі анықталды. Оқытушылардың еңбек жағдайларын жақсарту, оның ішінде олардың жалақысын арттыру бойынша ҚР БҒМ қабылдап жатқан шаралары, сөзсіз, жоғары білім сапасын арттыруға ықпал ететін болады. ЖОО-лардың академиялық дербестігінің кеңейтуіне олардың биылдан бастап өз үлгісіндегі дипломдар беретіндігі дәлел бола алады.

ҚР "Білім туралы" заңына сәйкес сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, білім беру ұйымдарының академиялық дербестік беріліп, оның шеңберін кеңейту, білім беруді басқаруды демократияландыру елдің барлық білім беру жүйесінің, ең алдымен, оның техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сияқты деңгейлерінің міндеттері болып табылады.

2021 жылғы қаңтарда ҚР Білім және ғылым министрі А. Қ. Аймағамбетов ҚР Үкіметінің отырысында еліміздің колледждеріне академиялық дербестік беру бойынша жұмыстың басталғаны туралы хабарлады. Оның үстіне жоғары оқу орындарының академиялық дербестікті іске асыру жөніндегі тәжірибесі оның тиімділігі мен білім берудің барлық деңгейлері үшін, ең алдымен, елдегі білім беру сапасын арттыру мақсатында қажеттілігін көрсетті.

ҚР БҒМ колледждер мен жоғары колледждердің, сондай-ақ жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламалары жұмыс берушілермен бірлесіп, кәсіптік

денттердің оқу мерзімдерін, оның ішінде еңбек нарығы үшін кадрларды жедел даярлау мақсатында оларды қысқарта отырып, өздері белгілей алады.

ТЖКБ жүйесіндегі оң өзгерістер туралы айтқанда, ҚР Үкіметінің 9-сынып базасында колледждерде тегін оқу, колледждерді бизнеске сенімгерлік басқаруға беру практикасын жалғастыру, жастардың алғашқы жұмыс мамандығын алу мүмкіндіктерін кеңейтетін "Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру" жобасын іске асыру шеңберінде елдің 180-ге жуық колледждерінің материалдық-техникалық базасын жаңарту, сондай-ақ елдің колледждерін Woldskills International қозғалысына қосу қарастырылған «Жас маман» жобасын іске асыру сияқты шешімдері айқын дәлел.

Колледждердің академиялық дербестігін кеңейту білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың оның әр түрлі деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ететін білім беру процесінің үздіксіздігі сияқты негізгі қағидатын іске асыруға ықпал етеді.

Ағымдағы жылдың ақпан айында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ету қажеттілігі туралы ол үшін, ең алдымен, ұқсас біліктіліктер бойынша келесі білім беру деңгейіндегі оқыту нәтижелері мен кредиттерді қайта есептеу арқылы жүзеге асыру керектігін ҚР БҒМ Техникалық және кәсіптік білім департаментінің директоры Н. Оспанова да айтқан болатын.

Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға ортақ білім беру стандарттарында /МЖБС/ жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасының бейіні техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламасымен сәйкес келген жағдайда алдыңғы білім беру дең-

лесіп әзірлеу және іске асыру арқылы қамтамасыз етіледі. Бүгінгі таңда заңнамалық деңгейде білім беру деңгейлері арасындағы сабақтастықты қалыптастыру, деңгейаралық интеграцияланған білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру үшін барлық жағдайлар бар. Бұл, ең алдымен, 2021-2022 оқу жылынан бастап колледждерде кредиттік оқыту технологиясын енгізуге байланысты ЖОО сияқты кредиттердің жинақталуымен білім алушының өзінің оқу траекториясын таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде оқытуды көздейтін. Жоғары оқу орындарындағыдай колледждерде ОКТ-ны іске асыру, таңдау компоненті пәндерінің, элективті модульдер каталогының болуы, білім алушылардың жеке оқу жоспарларын құру, эдвайзерлерді студенттерге оқытудың жеке білім беру траекториясын таңдауға көмек көрсетуге тарту арқылы жүзеге аспақ.

Академиялық дербестік шеңберінде колледждер оқытудың әр түрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастыру мен бақылаудың нысандарын, әдістерін таңдай алады, пәндердің, модульдердің оқыту уақытының көлемі мен оқу бағдарламаларының мазмұнына өзгерістер енгізе алады, жұмыс берушілердің талабы бойынша қосымша пәндерді (кәсіптік модульдерді) енгізе алады және т.б. Колледж студенттері ЖОО студенттері сияқты болашақ кәсіптік қызмет үшін таңдалатын курстардың маңыздылығына байланысты курстарды өз бетінше таңдау құқығына ие болады.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті 2000 жылдардың басынан бастап жоғары білім мен техникалық және кәсіби білімді/ТЖКБ/ жан-жақты интеграциялау бойынша жинақталған жұмыс